

XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі

XX ғ басында қазақ тілінің өз табиғатына, өз ерекшелігіне лайық арнайы алфавиті болған жоқ. Бұл тұста қаламгерлер әдебиетке ескі мұсылман мектептерінен хат танып, шығыс әдебиетін еркін оқи алатын дәрежеде келді. Осының бәрі түркі әдеби тілінің кейбір элементтерін пайдалануларына себеп болды. Сонымен қатар әдебиет уәкілдері орыс әдебиетінің озық үлгілерімен де жақсы таныс болды. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының өміріндегі, ғылым мен жалпы мәдениеттегі өзгеріске байланысты, сондай-ақ орыс тілінің әсерінен де түрлі жаңа атаулар, тың ұғымдар, терминдер, аударма ыңғайында баламалар да пайда болды. Міне, осы жағдайлардың бәрі қазақ әдеби тілінің жалпы қалыптасу барысында ізсіз қалған жоқ.

Фонетикалық ерекшеліктері:

Ызың дауыссыз **с** пен шұғыл дауыссыз **т** дыбыстарының қатар жұмсалуды. Мыс; Жауы **дост** боп табылған соң. (*Топ жарған*)

Р,л дыбыстары. Бос жүру жас адамға зарар. (Капитан қызы)

Х,һ дыбыстары. Хазір болыңдар келіп қалса. **Һ**әр түрлі өткен-кеткен істерін әңгіме қылып. (Қалың мал 112 б).

Ғ дауыссызының сөздің басында және орта позициясында қолданылуының өзі түрліше болып келеді. Мыс; Бұл нәрсеңіздің қандай **ғөнері** бар. Екеуі салқам себуге **уағда** етіп. (Қалың мал 110 б)

Грамматикалық сипаты.

-Ар(ұр),-тұғын(тұғұн),-мыш(мыс),-мен(білен) және **бірлән**. Мыс, Ана залымдардың обалына біз қалұрмыз. (Қыз көрелік 14б).

-Лар көптік жалғауы өткен шақ етістікпен бірігіп қолданылды. Олар ғайыс байдың үйіне келділер. (Қыз көрелік 17 б).

Ол үшін,сол үшін конструкциясы **оның үшін,соның үшін** болып жұмсалған. **Соның үшін** ұзататын қыздар ұзатардан бұрын. (Қалың мал 38 б)

XX ғ басындағы баспасөздегі сөз қолданыстары.

Қазіргі әдеби тілімізде әдетте *ақыл, әскер, айып, өмір, өнер, үн, арыз* түрінде қолданылып жүрген жекелеген сөздер бұл тұстағы кейбір Әдебиеттер тілінде ғ дыбысы арқылы, араб тіліндегі формасында жұмсалды. Мыс; Облысқа арнайы *ғарза* беруге болады. Оларда ғылым *ғөнер* жоқ. (Айқап 11б).

Х фонемасы. Келешек күніміз үшін зор дәулет *хазірлеу* керек. Алайда жер **хәман** алына берсе... (Айқап 3б).

-Ша,-ше көбінесе барыс жалғаулы сөздерге *күн* сөзіне жалғанды. Оқыту турасында бұ **күнгеше** сөз шыққан жоқ.

-а-шак(-е-шек). Газетте русша сөзлер ара-тұра жазылып *тұрашақ* екен (Айқап 12б).

-Дүр тәрізді морфологиялық формасы жиі қолданылған. Мен Секілді Жылаушылар *көндүр*. Жұмыс істеуге *тиісдүр*.

Керек модаль сөзі кейде талғау мәнді жалғаулықтың да мағынасын білдіреді. Керек мұсылман, керек рус болсын (6 б)

Бұйрық райдың ІІ жақта –**ғыл,-гіл** жұрнағын жалғаған түрі.

Адам әзір айтар деп,көңіліңді салма**ғыл**...

Етістіктің өткен шақ **семантикасын-ғай,-гей** жұрнағымен беру бар.

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрінің І жақта ма-й-мын вариантының орнына –**ман** жұрнақты тұлғасы да кездеседі.Және бұл амал жиі жұмсалған.

Етістіктің ашық рай тұлғасы *келе жата, не білейім ..*

Ләкин. *Ләкин* ол кітаптарда толық жазылмаған.(Айқап 5 б).

Және шылау *һәм,ине,уа* түрінде кездеседі.Су алып ішсе *ине* ауырған адамның киімін жуса(Устав).

Лексикалық ерекшеліктер

Осы тұстағы баспасөз және кейбір әдебиеттерден орыс тілінің ыңғайы екі түрлі ыңғайда көрінді. Біріншіден, аударылмай орыс тіліндегі күйінде енген сөздер. совет, пункт, писр, статья, аптека т.б. Екіншіден қазақ тілінде орыс тілінің әсерімен жасалған балама атаулар. Болница-дертхана, грамм-бөлім, түрме-қараңғы үй.

Бітім сөзі қазіргі қаулы сөзінің орнына қолданылған.. Мыс; Опшестваның жиылыстары түзілген *бітімдерді* орнына келтіреді. (*Устав).

Озу(өткен), амандасу(қоштасу), дару(дәрі), зор(үлкен), жұлдыз(ай). Мыс; Бұрын болып озған оқиғалар.. Зор жұтшылық болып тұр.. Мұны кетіретін дару не?...hәр қайсысы өзінің тұсына кетіп, амандасып тараған. (Айқап 15-18 б).

Бұл ғасырдың басындағы баспасөз бен кейбір әдебиеттер тілінің лексика құрамының тағы да бір саласын араб, парсы, шағатай тілдерінің элементі деуге *болады. Хсунда, ушбу, офат, нешік. бек,*

Бұлары *бек* дұрыс..Бұның хақында білетін адамдардың пікірлері *нешік*.

Тоғай(қыстак),**болғанша**(мейлінше).Бұл молда өзі *болғанша* қатал. Осылайша жазғы хызметті бітіріп,*тоғайға* көштік(Топ жарған 26 б)

Майдан(дала),**орам**(көше),**бәсі**(бағасы).

Тышқақ лағым құрлы *бәсі* жоқ иттер.(Қалың мал 127 б).

Мен үйден *орамға* шықтым.(Үлгілі бала 27 б).*Майдан* босап қалды (Топ жарған 35 б)

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Р.Сыздықова “Қазақ әдеби тілінің тарихы” 1993 ж [100-111 б]
2. С.М.Исаев “Қазақ әдеби тілі” [120-127б]
3. М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов
“Қазақ әдеби тілінің тарихы” [108-139б]



**Назарларыңызға
рахмет!**

Орындаған: 4 курс студенті Каршибев И.Т.

Орындаған: Каршибаев И.Т.
4 курс 7-топ студенті